У 2018
1036к

Кенжебай Бекпаев

# Бала қыял,
# сен менің періштем ең







Кенжебай Бекпаев

# Бала қыял, сен менің періштем ең

*вокалдық шығармалар*

Астана – 2016

ӘОЖ 78.087
КБЖ 85.314
Б 39

Бекпаев К.
Б39 Бала қыял, сен менің періштем ең: вокалдық шығармалар / К. Бекпаев – Мастер ПО ЖШС Астана 2016., – 20 б.

ISMN 979-0-803855-06-8

Музыка сүйер қауымға ұсынылып отырған бұл жинақ төрт вокалдық шығармадан тұрады. Олар: «Қыс келгенде сен менің түсіме ендің», «Іңкәр сезім», «Бала қыял, сен менің періштем ең», «Сағынған сары күздеймін». Ақын Ақберен Елгезектің өлеңіне жазылған осы қатардағы бірінші шығарма – композитордың алғашқы туындысы. Ал, Ұлықбек Есдәулет, Гүлнар Өмірзақова, Нұрлан Оразалин өлеңдеріне жазылған үш шығарма бірнеше рет жарық көрген. Айтылып та жүр.

Жинақ сұраныска ие болады деген сенімдеміз.

ӘОЖ 78.087
КБЖ 85.314

ISMN 979-0-803855-06-8

© Бекпаев К., 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 6/И

# Бала қыял,сен менің періштем ең

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Гүлнар Өмірзақованікі**




8
Vox.
лес бер - дің,
көлең кең - мен
Pno.
10 ff mf
көлең - кең - мен
бей - у - ақ - та көріс - кен
12 f
ем!
Көлең кең - мен


14
mf
Vox.
бей - у - ақ - та кө - ріс - кен ем!
Pno.
16
Vox.
Pno.
f
18
1.
Vox.
Pno.

## Бала қыял, сен менің періштем ең

Бала қыял, сен менің періштем ең,
Балалықты өзіңмен бөліскен ем.
Ақ сағым боп әлде сен елес бердің,
Көлеңкеңмен бейуақта көріскен ем!

Қайдан жүрсің, сен өзі қайдан келдің,
Нұр бейнеңді бір кезде айдан көрдім.
Ағып түскен жұлдыздай жарқ еттің ғой,
Найзағайдың отындай жайдан көрдім!

Қайда жүрсің, о, менің балалайығым,
Жүрегімнен мамырлап тарады мұң.
Шағаладай айналып қайта соқшы,
Жақұтына шомылып жанарымның.

Қалың ойға сол бір сәт түсіп кеттім,
Нұр бейнеңді жүруші едім құшып көп күн.
Бала қыял, ақ қанат көгершін боп,
Көк аспанға сен неге ұшып кеттің?!

# Қыс келгенде сен менің түсіме ендің

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Ақберен Елгезектікі**




Vox.
Pno.
і - шін-де мұң.
Сен ме -
f
ні са - ғын - дың ба, ой - - - - -
ff
mf
ла - дың - ба,
мен - се - ні
mf
mp
mf


Vox.
Pno.
аң - са - дым ба, тү - сін - бе - дім...?
Мен - се - ні аң - са - дым ба,
тү - сін - бе - дім...?
1.


29
Vox.
Pno.
p
mf
нің
33
Vox.
Pno.
mp
қа - ра - сын - да...?

## Қыс келгенде сен менің түсіме ендің

Қыс келгенде сен менің түсіме ендің,
Жанарыңда жас тұрды ішінде мұң.
Сен мені сағындың ба, ойладың ба,
Мен сені аңсадым ба, түсінбедім?..

Сол түстен соң кеудемде сезім қалды,
Сезім қалды, мінезден төзімді алды.
Айтқаныңды ұмыттым, сөзіңді әлгі...
Тұманданған жадымда көзің қалды.

Ұмытар ем күндердің арасында,
Сенен қалған көңілдің жарасын да,
Бірақ қалай ұмытам ғарышты мен,
Тұнып қалған көзіңнің қарасында?..

# Іңкәр сезім

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Ұлықбек Есдәулеттікі**

Жеңіл түрде, сағыныш сезіммен ♩= 100





14
f
ff
T
Құс жо-лы-нан жарқ ет-ке-сін жа - на-рың
Pno.
17
mf
f
жұл - дыз-дар-дың а-ра-сын-да, жұл - дыз-дар-дың а - ра-сын-да
mp
21
са-был-дым. Жұл - дыз-дар-дың а - ра-сын-да са-был-дым.
mf
mp


25
T
1.
Pno.
f

## Іңкәр сезім

Мен өзіңді мың жыл бойы сағындым,
Мың жыл бойы жұтып келді жаным мұң.
Құс жолынан жарқ еткесін жанарың,
Жұлдыздардың арасында сабылдым.

Сағынысып,
Алып ұшып кездестік.
Іңкәр сезім толқындарын тез кештік.
Суынар ма бауыр басқан жүректер
Бір-бірінен ыстық-ыстық сөз естіп.

Сыңар аққу іздеп тапты серігін,
Сенсің менің еркелеген теңізім.
Жағадағы жартас тектес жанымды,
Жібітеді сенің ғана лебізің.

Жаралғандай жұпар иісті жалбыздан,
Сен еркесің әлемдегі бар қыздан.
Қас қаққанша өте шығар өмірде
Жарқ еткен бір сәуле сынды жалғыз жан.

# Сағынған сары күздеймін

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Нұрлан Оразалиндікі**

Терең сезіммен ♩= 80





10
ff
Vox.
ның іші-нен - Ө - зің-ді ға-на ө - зің-ді ға-на
Pno.
13
mf
Vox.
із - дей-мін. Ө - зің-ді ға-на із - дей-мін.
Pno.
16
1.
Vox.
Pno.

## Сағынған сары күздеймін

Сағынған сары күздеймін,
Сағынышымды үзбеймін.
Мыңдаған жанның ішінен,
Өзіңді ғана іздеймін.

Елітіп, ертіп үн қашқан,
Тіл қатар сен боп түнгі аспан.
Өзің жоқ. Қала көңілсіз,
Дүние – мылқау мұң басқан.

Бәрі де...
Бәрі, бәрі есте...
Сезімім нәзік нәресте.
Махаббат мына ғаламның
Мәңгілік өрі емес пе?!

Сондықтан...
Жаным, күйемін,
Қалғанша қурап сүйегім,
Өртенем жанып біткенше,
Өйткені сені сүйемін!

000001581848

## Мазмұны


1. Бала қиял, сен менің періштем ең 3
2. Қыс келгенде сен менің түсіме ендің 7
3. Іңкәр сезім 12
4. Сағынған сары күздеймін 16

Аранжирлеуші:

Владимир Шевченко

Басуға 01.03.2016 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 2,5  Пішімі 60/84 /8
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 051
«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418
e-mail.: masterpo08@mail.ru